

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламента
«__» _____ 20 __ года

2024 жылғы 27 наурызда жарияланды

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
О. А. Бектеновке

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Олжас Абайұлы!

Ұлытау облысына іссапармен барып, сонда көрген-білген біраз мәселе осы мінберде баяндалған еді. Қантар айында депутаттық сауалымды да жолдадым.

Алайда, “жоспарлануда”, “қолға алынады” деген сияқты жалтарма жауаптар берілді. Нақты шешім жоқ жерде мәселе қордалана береді. Мысалы, қазір наурыз-сәуір айлары, құрылыстың нағыз қызатын, әрі қолайлы уақыты.

Жобалық-сметалық құжаттамамен айналысып жүргенде, жол салудың маусымы өтіп кетеді. Жезқазған-Қызылорда, Жезқазған-Қарағанды тас жолдарының “жыры” таусылар емес?!

Депутаттық сауалыма келген жауаптың барысы осыны аңғартады. Мәселен, “Жезқазған-Қызылорда” автомобиль жолы бойынша мердігер компаниялардың өтінімдері әлі бағалануда. Құжаттардың рәсімделуі “Госэкспертиза” РМК мен “ҚазАвтоЖол “ҰК” АҚ арасында әрі-бері “допша” домалап жүр.

Ал “Жезқазған-Қарағанды” тас жолына қатысты мердігерлік компанияларды анықтау әлі жоспарланып отырғанға ұқсайды. Демек, нақты іске қашан көшіп, құрылыстың қашан басталатыны белгісіз.

Халық өңірлік басшылықтың өз уақытында қимылдамауына, жайбасарлығына наразы, бірақ аталған бағыттағы автомобиль жолдарының салынуы, бақылануы Ұлытау облысы әкімі аппаратының құзіретіне кірмейді.

Республикалық маңызы бар тас жолдар болғасын ол тікелей ҚР Көлік министрлігіне қарайды. Сондықтан бұл мәселеге аталған ведомство басшылары зер салып, құжаттама ісінің, яғни өтінімдердің қаралуы, бағалануы, расталуы, қаржының бөлінуі, жұмсалуды сияқты ұзын-сонар процестер қатаң бақылану керек. Талап болу керек. Сұрауы болмаса істің мәні кетіп қалады. Үнемі қадағаланса, бір қозғалыс болары анық. Әйтпесе, бұл тас жолдар қыршын кеткен тағдырлардың “ескертішіне” айналғаны қашан?

Жезқазған-Қарағанды тас жолы – кеңестік кезеңнен күрделі жөндеу көрмеген, жиектері әбден мүжіліп, тарылып барады. Міне, содан бұл жол “қанды жол” аталып кеткені баршаға аян. Дәл осы жолда 2023 жылы 129 жол көлік оқиғасы тіркеліп, 167 адам дене жарақатын алған, 37-сі қаза тапқан. Ал биылғы жылдың тек 2 айында 23 жол көлік оқиғасы орын алып, 37 адам жарақаттанып, 2 адам мерт болды. Тас жолдың “жыры” таусылғанша, әлі қанша жан тауқымет тартады? Кім білсін?

“Ұлт ұясы” деп, Ұлытау облысын жаңа құрып, оны қарқынды дамыту керек деген Мемлекет басшысының тапсырмасы тұсында жайбасарлыққа салыну жөн болмас. Алғашқы Ұлттық құрылтай өткен бұл өлкенің қарым-қабілеті зор деп, баға берілмеді ме?

Ал үшінші құрылтай өткенде де Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: **“Жол салу және оны жөндеу жұмыстары экономиканың дамуына тың серпін береді”** деп атап көрсетті. Жол болмаса, қандай серпін, қандай даму болады? Жолымыздың түрі анау болса, қандай қарқынды экономика, қандай табысты туризм күтеміз? Халықтың әл-ауқаты осы жолға байланысты.

Облысаралық жолдардың сапасыздығы өңірдің дамуына, инвестицияның тартылуына кедергі, сондай-ақ жол тасымалының қиындығын себеп қылып, азық-түлік те қымбаттайды. Бұл тағы қарапайым халықтың қалтасын қағатыны белгілі. Ұлытау облысының күретамыры осы жолдар.

Сондықтан Президенттің артқан сенімі мен халықтың “алақайлаған” қуанышы сол “жолда” қалып қоймасын?! Көтерілген мәселе өз шешімін табуы тиіс.

Жобалық құжаттамалар әлдеқайда шешіліп, құрылыстың қазір басталып-ақ кетуі қажет еді! Көктем – жөндеу жұмыстарына ең қолайлы кезең. Бірақ “қолды мезгілінен кеш сермейтін” әдеттегі күйдеміз. Берілген уәдені уақытында орындау, халық игілігіне дер кезінде ұсыну ертеңге қала беретіні өкінішті?!

Осы орайда **Жезқазған-Қызылорда, Жезқазған-Қарағанды** тас жолдарының салынуы мен жөнделуіне сараптама жасалып, нақтыланған жұмыс жоспарын беруді сұраймыз.

Оның ішінде:

- қаржының бөлінуі;
- анықталған мердігер компаниялар;
- келісімшартқа отыруы;
- келісімшарт бойынша белгіленген уақыт;

сияқты нақты іс-шаралардың толық жоспарын таныстыруды сұраймыз.

Сондай-ақ жұмыс жоспары бойынша істің талап етілуін қадағалап назарға алуды сұраймыз.


Осы депутаттық сауалға заңнамада белгіленген мерзім ішінде жазбаша жауап күтеміз.

Құрметпен,

Парламент Мәжілісінің депутаттары

**Қ. Абден
Е. Саурықов
А. Баққожаев
Ж. Дайрабаев
Н. Арсютин
А. Зейнуллин
Т. Серіков
А. Сағандықова**

 *К. Алтынбеков*

 74- 63-26